

Тақырыбы: Қаржы-несие мекемелері рыноқтық экономикадағы
негізгі элементі

Жоспар

Кіріспе	2
I бөлім Қаржы-несие мекемелерінің теориялық сипаттамасы	3
1.1 Маманданған қаржы-несие мекемелері	7
1.2 Қаржы-несие мекемелерінің теориялық сипаттамасы	8
1.3 Қаржы-несие мекемелерінің функциялары	16
II бөлім Қазақстан Республикасындағы қаржы-несие мекемелерінің дамуы	20
2.1 Қазақстанда қаржы-несие мекемелерінің дамуы	20
2.1.1 Сақтандыру компаниясы	20
2.1.2 Ипотечалық компания	26
Қорытынды	30
Қолданылған әдебиеттер	31

Кіріспе

Қазақстанда өтіп жатқан нарықтық қатынастар экономиканы дамыту үшін ғана емес, бүкіл қоғамдық өмір үшін де орасан зор маңызы бар екендігін республиканың тәуелсіздігінің 10 жыл астам ішінде атқарылған жұмыстар көз жеткізе дәлелдейді. Реформа қалыптасқан экономикалық қатынастарға елеулі өзгерістер енгізді және сайып келгенде әрбір еңбекшінің мүддесін қамтыды. Сондықтан бұғандейін ынта-ықыластың уақыт өткен сайын әлсіремейтіндігінің, қайта арта түсетіндігін өмір көрсетіп отыр.

Құрамық жұмыстық мақсаты - «Қаржы-несие мекемелері рыноқтық экономиканың негізгі элементі ретінде»

Құрамық жұмыстық мақсаты - нарықтық экономиканың тірегі ретінде экономикалық дамудың элементін білдіретіндіктен қаржы-несие мекемелерінің мәнін ашу, қаржы-несие мекемелерінің экономикадағы орны мен ролін, атқаратын қызметтерін, Қазақстандағы дамуын сипаттауға негізделген.

Жалпы мақсаты - Қазақстан Республикасындағы қаржы-несие мекемелерінің экономиканы тұрақтандырудағы мәнін, оның экономикаға әсер ету маңызын, оған қатысушы субъектілердің немесе қарыз берушінің пайызы түрінде табыс алуын анықтауға негізделі отырып теориялық жағын назарлымы ашып көрсету.

Субъектісі - несие беруші: Банк және арнайы қарыз мекемелері қарыз алушылар ретінде кәсіпкерліктен немесе бизнестен пайызданатын қаржы ресурстарына деген сұранысы кез келген заңды ұйым болып табылады.

1-сұрақта қаржы-несие мекемелерінің түрлерін, мазмұнын, қызметін, формасын, теориялық сипаттамасына, оның функциясына мәңгі белдім.

2-сұрақта Қазақстан Республикасындағы қаржы-несие мекемелерінің - сақтандыру және ипотекалық компаниялардың дамуы, олардың нарықтық экономикаға етудегі ролі мен қызметтері жайлы мәліметтер сипатталады.

I бөлім Қаржы-несие мекемелерінің теориялық сипаттамасы

Несие жүйесі – жалпы банктердің (ұлттық және коммерциялық) және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктік мекемелердің жиынтығы.

Көптеген мемлекеттерде несие жүйесі туралы екі ұғым қалыптасқан:

- Несие-есеп қатынастары, оның түрлері мен несиелеу әдістерінің жиынтығы;
- Қаржы-несие мекемелерінің жиынтығы;

Несие қатынастары несиенің барлық формалары мен түрлерін қамтиды.

Несие жүйесі қаржы-несие мекемелерінің жиынтығы ретінде жеке және заңды тұлғалардың уақытша бос ақшаларын есепшоттарда шоғырландырып, оларды кәсіпорынға, үкіметке және халықтың әр түрлі топтарының қарызға беруі.

Несие мекемелерінде әр түрлі субъектілердің уақытша бос ақша капиталдарын шоғырландырып және оларды белгілі бір мерзімнен кейін және белгілі бір төлем ақшмен қайтару үшін бөліп беру.

Несие жүйесі мемлекеттің ақша айналымын реттеп, ақша қаражатының экономикааның бір саласынан екінші саласына ауысуын қамтамасыз ету арқылы өндірістің тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Несие жүйесі арқылы кәсіпорындардың, ұйымдардың және халықтың ақшалы есеп айырысуы мен төлемдері жүргізіліп, сонымен несиелік, сақтаңдыру, делдалдық, инвестициялық, сенімділік, кеңес беру және с.с. көптеген операциялар өтеді.

Несие жүйесінің ұғымы банк жүйесіне қарағанда кеңірек, яғни мұнда өзге де несиелік мекемелер қамтылады. Әр елдің өзіндік ерекшелігіне қарай несие немесе банк жүйесінің құрылымы қалыптасты.

Қазіргі уақытта несие жүйесінде көптеген өзгерістер кездеседі:

- Банк монополиясының пайда болуы нәтижесінде банк капиталының шоғырлануы мен сұралынуы. Біріншісінде ұсақ банктердің күйреуі, олардың бір-бірімен қосылуы, бөлімшелерінің дамуы, ал екіншісіне корреспонденттік қатынастар мен көпбанктік жүйелердің дамуы. Корреспонденттік қатынастар дегеніміз несие мекемелері арасындағы келісім бойынша жүргізілетін операциялар, олардың мақсаты – бір-бірінің талпырмасы бойынша төлемдер мен есеп айырысуды жүзеге асыру.

- Әр түрлі несие мекемелері арасында бәсекенің күшеюі. Банк монополиясы мен несие қатынастарының өркендеуі қаржы капиталының нарығында бәсекені өрміте түсті. Бәсеке біртектес және әр түрлі несие мекемелерінің арасында жүреді.
- Банк капиталы мен өнеркәсіп капиталының бірлігін қаржы капиталымен құру. Өнеркәсіп пен банк ісінде монополиялардың пайда болуы және олардың бірігіп жұмыс жүргізуі қаржы капиталының құрылуына негіз болады.
- Несие жүйесіндегі құрылымдық өзгерістер. Несие-қаржы мекемелерінің ұлғаюы қаржы капиталы нарығындағы банк ісінің кеңеюіне жол ашып, несие жүйесіндегі құрылымдық өзгерістерге әкеледі.

Капиталдың желденуіне қарай қаржы-несие мекемелері:

- Мемлекеттік
- Жеке

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кездері отарлау жүйесінің құлауы нәтижесінде елдерде құралған ұлттық несие мекемелерінің пайда болуына мүмкіндік туғызды. Әлемде валюта-несие және қаржы мекемелері: Халықаралық валюта қоры, Халықаралық қайта құру және Даму Банкі, айтақтық Даму банкттері және т.с.с.

Несие мекемелерінің клиенттерге көрсететін қызмет түрлеріне қарай несие жүйесі 3 элементтен тұрады:

- **Орталық (эмиссиялық) банк** – «банктердің банкі», бірінші деңгейдегі мемлекеттік банк, кез келген елдің мемлекеттік, халықтық немесе ұлттық банк деп аталуына тәуелсіз эмиссиялық, ақша-несие мекемесі болып табылады. Ол заңды және жеке тұлғалармен операциялар жүргізбейді, оның клиенттері - коммерциялық банкттер, үкімет ұйымдары және басқа да мекемелер. Банктік мекемелерге қатысты Орталық банк тікелей әрекет ету және реттеу, бақылау мен қадағалау қызметтерін атқарады. Несиелік жүйесінің қалған бұйымына Орталық банк несиелік және ақшалай операциялар, рыноктың әр түрлі секторлары, несие-қаржы қызметтерінің өзара байланыстарында байқалатын жанама әрекет етеді.
- **Коммерциялық банкттер.** Ол – екінші деңгейіндегі банк, қаржы капиталы нарығының әр түрлі секторларында қызмет ететін көп қызметті мекемелер. Олар кәсіпкерлік тәжірибесінде белгілі бір


көптеген қаржылық операцияларды орындайды. Коммерциялық банктер елдің несиелік жүйесінде негізгі, базалық буын ролін атқарады. Олар үкіметтің іскерлік мен миссиядаған және тұлғалардың салымдарын шоғырландыра отырып, қаржы жүйесінің ортаңғы болып қала береді. Коммерциялық банктер қарыздық және инвестициялық операциялар арқылы өздерінің әр түрлі қорларына қарыз алушылардың қол жеткізуге мүмкіндік береді.

- **Мамандырылған несиелік мекемелер:** сақтандыру, жинақтық, ипотекалық, сенімгерлік және т.б.

Қазақстанда несиелік жүйе екі буыннан тұрады:

- **Банктік жүйе.** Банктік жүйе – банктік операциялардың жалпы жиынын шоғырландырушы несиелік жүйесінің негізгі буыны. Банктік Қазақстандағы банк жүйесінің тарихы 15 жылдай. Банк жүйесінің реформалаудың мақсаты – отандық банктеріміздің қызметін халықаралық стандартқа өткізу. Қазақстандағы банк жүйесінің қызметі 1995 жылы шығарылған «Қазақстан Республикасының ұлттық банкі туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің заңында жазылған.
- **Парабанктік жүйе (банктік емес мекемелер).** Парабанктік жүйе экономикамыздың нарықтық қатынастарға көшуі барысында жаңадан қалыптасып, енді ғана біртіндеп дамып келе жатқан жаңа құрылымды сипаттайды. Банктік емес мекемелердің немесе парабанктік мекемелердің банктерден айырмашылығы – олар біріншіден, клиенттердің белгілі бір түріне қызмет етсе, банктік операциялардың жекелеген түрлері бойынша қызмет көрсетеді.

Қазақстан Республикасының несиелік жүйесінің құрылымы мынадай сызбалмен берілген:



1.1 Маманданған қаржы-несие мекемелері

Маманданған қаржы-несие мекемелері кез келген елдің несие жүйесінің маңызды буыны. Олар қарыздық капиталдар нарығының кіші және аясында ғана қызмет етеді. Бұл әр түрлі маманданған қаржы-несие мекемелерінің жиынтығы: сауда жинақ мекемелері, инвестициялық компаниялар және қорлар, несие-жинақтау мекемелері, зейнетақы қорлары, сақтандыру компаниялары, мекемелердегі өзара көмек кассалары, ломбардтар және т.б. Бұл мекемелер өздерінің бастапқыдағы дамуында коммерциялық банктер орындамайтын операцияларды орындаған. Бұл мекемелердің несие банктерден айырмашылығы – халықтың жинағын тарту арқылы ресурс жинақтау, ал коммерциялық банктер өз пассивтерін негізінен заңды тұлғалардың уақытша бос қаражатын тарту. Ал, қазіргі кезде дамыған елдерде бұл мекемелер халыққа, фирмаларға және компанияларға қызмет көрсетуге байланысты коммерциялық банктермен өзара бәсекеге түседі, яғни коммерциялық банктер мен банктік емес мекемелер арасындағы айырмашылық жоғалтады. Дәстүрлі емес операцияларды кеңейту арқылы бұл мекемелер банктік нарыққа еніп келеді.

Мамандандырылған қаржы-несие мекемелері ипотекалық және тұтыну, сол сияқты ауыл шаруашылық несиелері саласындағы кең ауқымда тарауда. Олар халықтың ұсақ жинақтарын тарту, капиталды инвестициялау бағалы қағаздарды орналастыру және т.б. айналысады.

Кейбір арнайы несие институттары Қазақстан аумағында революцияға дейін Жаңа экономикалық саясат жылдарында және ауыл шаруашылығын ұйымдастыру тұсында несиелік серіктестіктер өзара несие беру қиалы несиелік одақтар және т.б. түрінде болған. Қазір банктік емес мекемелерге өзара көмек беру кассалары, ломбардтарды, сондай-ақ шаруа қожалық бірлестіктерінің агро-нерәсіп бірлестіктерінің қаржы-есеп айырысу орталықтарын жатқызуга болады.

Маманданған қаржы-несие мекемелері алуан түрлі қызмет көрсетеді:

- Тұтыну несиесін беру;
- Ауыл шаруашылық несиесін беру;
- Халықтың ұсақ жинақтарын;
- Ипотекалық несие беру;

- Сыртқы сауда операцияларын қаржыландыру;

Экономикалық нарыққа етуі несиелік жүйеде маңызды роль аттаруы мүмкін қаржы-несиенің дамуын талап етеді.

1.2 Қаржы-несие мекемелерінің теориялық сипаттамасы

Ломбард

Ломбардтар – бұл жылжитын мүліктердерді кепілге ала отырып, қысқа мерзімді ссудалар беретін несиелік мекеме.

Тарихта ломбардтар өсімшарлық несиені беретін жеке меншік кәсіпорын ретінде пайда болған. Ломбардтардың мамандану саласы жылжитын мүлік, оның ішінде бағалы қағаздар мен асыл тастар (бағалы қағаздардан басқа) кепілге алып, тұтыну несиесін беру болып табылады. Олардың ссудалары негізінен қысқа мерзімге (30 күнге дейінгі мерзімге) кепілге салатын мүлік құнының 50-80 пайызында беріледі. Кепілге алып ссуда берумен қатар, олар клиенттердің құндылықтарын сақтау, сондай-ақ комиссияндық негізде кепілге салынған мүліктерді сатумен айналысады.

ҚР Ұлттық Банктің 1997 жылғы 29 тамыздағы №314 «Ломбард туралы» ережесіне сәйкес, *ломбард – банк болып табылатын Ұлттық банктің берген лицензиясы негізінде операциялар мен қызметтерді жүзеге асыратын заңды тұлға.*

Өзара несиелік қоғамдары

Өзара несиелік қоғамдары - шағын және орта бизнеске қызмет көрсететін коммерциялық банктерге қызметінің сипаты жағынан ұқсас келетін несиелік мекеме.

Бұл қоғамдар Ұлы Қазан төңкерісіне дейінгі Ресейде, соның ішінде Қазақстан аумағында жеке өнеркәсіпшілер мен саудагерлерге несиелік-есеп айырысу қызметін көрсеткен. Өзара несиелік қоғамдарының қатысушыларына заңды және жеке тұлғалар жағады. Оның капиталы оған қатысушылардың қосқан жарналарынан құрылған.

Ипотекалық қаржылар

«*Ипотеканың*» деген термин ең алғаш рет біздің эралымызға дейінгі I-II ғасырларда Рим қаласының территориясында пайда болған. Ежелгі Грекияда біздің эралымызға дейінгі XIV ғасырларда пайда болды. Ипотека термині «*hypotheca*» - «кепілдік, кепілзат, кепілге салу» деген мағынаны білдіреді. *Ипотекалық несиелік* дегеніміз – бұл қожалмайтын мүліктерді (тұрғын үйді,

өндіріс ғимараттарын, жерді және т.с.с.) кепілге алып, ұзақ мерзімге берілетін несиені. Ипотекалық несиені жеке тұлғаларды несиеленудің бір түрі болып табылады. Ипотекалық несиенің экономикалық жағынан - бұл банктен немесе басқа да қаржы ұйымдарынан ссуда алу мақсатымен жылжымайтын мүлік кепілінің алуан түрлілігі болып табылады. Қарапайым тілмен айтсақ, ипотека дегеніміз - қарыз ақшаға үй сатып алу. 2002 жылғы 1 қыркүйектегі «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес *ипотекалық несиені дегеніміз - кепілге берілген жылжымайтын мүлік немесе ондағы рәсіл кепіл берушінің немесе рәсімші тұлғаның иелігі мен пайдалануында қалатын кепіл түрі. Жылжымайтын мүлік – жер учаскесі, ақ үйлер, ғимараттар және жермен байланыстағы өзге де мүліктер. Ал осы қарыз ақшаны ол ипотекалық компаниядан ала алады.*

Ипотекалық компаниялар көбіне АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Франция елдерінде көп дамыған. Мысалы, АҚШ-та қазіргі заманда ипотека жылына жалпы сомасы 3-4 млрд долларға 5 млн-нан астам ипотекалық мәміле жасалады. 1934 жылы құрылған Федералдық тұрғын үй әкімшілігі жергілікті халықты аса жоғары емес топтары үшін тиісті үкіметтік бағдарламалар әзірлеп отырады. Ұлыбританияда ипотекалық несиелер көлемі – жылдық жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) 60%-ын, Германияда ЖІӨ-ның 50%-дан астамын құрайды.

Инвестициялық компания (қор)

«*Инвестидия*» ұғымы ол патын тілінен шыққан «салу» қаржы салу немесе қаржыландыру, қаржы тартуды білдіреді. Басты мақсаты экономиканың нақты салаларына қаржы салу арқылы пайда табу.

Инвестиция құралына: мүліктер, байлықтар, материалдық және интеллектуалдық құндылықтар кіреді.

Инвестициялық компания – тартылған қаражаттарды бағалы қағаздарға инвестициялау мақсатында, өзінің акцияларын шығару және ашық түрде орналығтару арқылы ақшалай қаражаттарды тартуға байланысты қызметін жүзеге асыратын акционерлік қоғам формасында құрылатын заңды тұлға.

Акционерлермен өзара қатынасына байланысты инвестициялық компаниялардың екі түрі бар:

- Өзара бірлескен қорлар - *алық мәлімі* – акция ұстаушының талабы бойынша акцияларды кері сатып алуға міндеттенеді;
- Инвестициялық компания - *жылжымайтын мүлік мәлімі* – ондай құжаты жоқ;

Инвестициялық компанияны басқарушы – инвестициялық қормен оны басқару туралы келісім-шарт негізінде әрекет етуші және бағалы қағаздар портфелін басқаруға байланысты кәсіби қызметті жүзеге асырушы заңды тұлға.

Инвестициялық банктерден айырмашылығы басқаларының басқарушы қызметін атқаруға құқығы жоқ.

Несиелік серіктестік

Несиелік серіктестік – банк болып табылмайтын, өзінің қатысушыларына несие беру және қызмет көрсету мақсатында құрылған, өз қызметін Ұлттық Банктен қарыздық және басқа да банк операцияларын жүргізуге асырушы заңды тұлға. Несиелік серіктестік жабық акционерлік қоғам және жауапкершілігі шектеулі серіктестік түрінде құрылатын және өз қызметін жүзеге асыратын коммерциялық ұйым. Несиелік серіктестіктің қатысушылары жарғылық қорының елу пайыздан астамы мемлекетке жататын өкілетті атқарушы және сот биігінің, қаржылық капиталы мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардан, сондай-ақ, оны тіркеген мемлекеттің заңымен сәйкес келетін оффшорлық аймақтағы компания статусы бар заңды тұлғалардан басқа жеке және заңды тұлғалар (резиденттер және резидент еместер) болуы мүмкін.

Несиелік серіктестіктердің жарғылық капиталы пай қосу және міндетті кіру жарнасын төлеу жолымен қалыптасады. Мұндағы ірсқан үлестер мүшеліктен шығып қалған жағдайда қайтарылмайды. Несиелік серіктестіктердің мүшелеріне кооперативтер, жалгерлік кәсіпорындар, банктер, шағын және орта бизнес, жеке тұлғаларыф кіреді. Несиелік серіктестіктердің Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ одан тысқары жерлерде филиалдарың, өкілеттіліктерін және еншілес серіктестіктерін ашуға құқығы болмайды.

«Несиелік серіктестік туралы» ҚР заңына сәйкес *несиелік серіктестік* – бұл оның қатысушыларының бас ақмалай қаражаттарын жарнамен жолымен қаржылым көлем көрсету барысындағы қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында заңды және жеке тұлғалардың ерікті түрде бірігуінің нәтижесінде құрылған, банк болып табылмайтын және ҚР Ұлттық банкінің лицензиясы негізінде жекелеген банк операцияларын жүзеге асыратын заңды тұлға.

Несиелік серіктестіктердің мынандай түрлері болады:

- *Несиелік-депозиттік серіктестік* – заңды тұлғалардың қабылдау мүмкіндігі;
- *Ауыл несиелік серіктестігі* - өзара несие беру үшін, оның қатысушыларының ақшаларын жинақтау жолымен ерікті түрде жеке және заңды тұлғалардың өзара бірігуінің нәтижесінде құрылған, банктің жекелеген операцияларының түрлерін жүзеге асыратын заңды тұлға. Оның құрыптайшысы: Орталық Банк, коммерциялық және мамандырылған банктер, үкімет құрылымдары, заңы және жеке тұлғалар бола алады. Олардың басты қызметі – ауыл шаруашылығы несие-есеп айырысу қызметін көрсету; шаруашылық заттарын, мал, тұқым, тыңайтқыш сатып алу шығындарын және өзге де жұмыстарды несиелеу. Ауыл шаруашылығы несиелік серіктестіктерінің клиенттеріне шаруааржалықтары, фермерлер, сондай-ақ ауыл шаруашылық кәсіпорындар жатады. Негізгі операциялары: қысқа және орта мерзімге осудалар беру және салымдарды қабылдау, делдалдық қызмет. Ауыл шаруашылық несиелік серіктестіктерді ұйымдастырудың басты ерекшелігі – олардың қызметінің бірқатар салық жеңілдіктеріне ие болу, сондай-ақ оларға үлес қосушыларға да салықтық жеңілдіктер болады;
- *Несиелік серіктестік* – коммерциялық ұйым;

Несиелік серіктестік және ауыл несиелік серіктестігі ҚР заңдылықтарындағы ерекшеліктеріне сәйкес мынадай ұйымдық-құқықтық формада құрыла алады:

- *Коммандиттік серіктестік;*
- *Жауапкершілігі шектеулі серіктестік;*
- *Толық серіктестік;*
- *Акционерлік қоғам;*

Микрокредиттік ұйымдар

Микрокредиттік ұйымдар – бұл микрокредит берумен айналысатын ұйымдар болып табылады.

Сақтандыру компаниясы

Сақтамдар – дегеніміз – белгілі бір сақтандыру жағдайлары кезінде сақтаушылардың сақтандыру төлемдерінен, сондай-ақ заңмен тыйым салынбаған басқа да көздерден құралатын сақтандыру өтемдері ақшалай қорлардың есебінен төленетін жеке және заңды тұлғалардың

(сақтандырылғандардың) мүдделерін мүлкітік қорғау жөніндегі қарым-қатынас болып табылады.

Сақтамдырушы – сақтандыру қызметін жүзеге асыру үшін құрылған, сақтандырудың тресті түрін жүргізу құқығына лицензия алған коммерциялық ұйым.

Сақтамдыру компаниясы – сақтандыру ұйымдары айналасатын операциялармен шұғылданады. Олар сақтандыру полистерін сату арқылы қаражат табады. Пассиві сақтандыру жарнамаларынан және активтік операциялардан түскен табыстан құралады. Оларды сақтандыру полистерін төлеуге, ұзақ мерзімді бағалы қағаздарға және тұрғын үй құрылысы үшін кепілдікке жұмсайды.

Сақтандыру міндеттілік дәріжесі бойынша:

- **Ерікті сақтамдыру** – тараптардың ерік білдіруіне сәйкес жүзеге асырылатын сақтандыру.
- **Міндетті сақтамдыру** – тараптардың ерік білдіруіне сәйкес жүзеге асырылатын сақтандыру.

Сақтамдыру объектісі бойынша:

- **Жеке сақтамдыру**: өмірді, денсаулықты, еңбек қабілеттілігін және азаматтық жеке басына байланысты өзге де мүдделерді сақтамдыру жатады.
- **Мүлкіті сақтамдыру**: кәсіпкерлік тәуекелдер мен азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтамдыруды қоса алғанда мүлік пен онымен байланысты мүдделерді сақтамдыру жатады.

Жинақ мекемелері

Жинақ мекемелері – жергілікті басқару органдары, не пошта ұйымдастырған мемлекеттік мекемелер, яғни ол капитал ретін пайдалануға болмайтын ұсақ жинақтар мен табыстарды өзінде жинақтайды. Жинақ мекемелері XX ғ. 30-40жылдарынан бастап жеке жинақ мекемелері түрінде болды. Оның мынандай түрі бар:

- өзара жинақтау банкттері
- несиелік жинақтау ассоциациялар
- несиелік одақтар

Өзара жинақтау банкттері

Өзара жинақтау банкттері – «өзара бірлескен» кәсіпорындар. Олар халықтың ұсақ салымдарын белгілі бір мерзімге қабылдайды. Осы салымдарды тек 30 күннен кейін қайта алға болады. Қаражат негізінен

жыпсымайтын мүлік туралы актілер мен бағалы қағаздарды көгілше ала отырып, мемлекеттік бағалы қағаздарға, тұрғын үй салу үшін ипотекаға, үкімет органдарының облигацияларына жұмсалады. Сондай-ақ, коммерциялық және тұтыну қарыздарын береді.

Несие-жинақтау ассоциациялары

Несие-жинақтау ассоциациялары – клиенттерге кері сатып алынатын және процент түрінде табыс түсіретін сертификат сату арқылы капиталы құрылатын мекеме. Ассоциация капиталының көп бөлігі ипотекаға салынады.

Несиелік одақтар – бұл белгілі бір жеке тұлғалардан немесе ұсақ мекемелерден ұйымдастырылатын несиелік кооперативтер. Оны кәсіподақтар, ірі кәсіпорындар, шіркеулер ұйымдастырады. Олар негізінен АҚШ-та, Ұлыбританияда, Канадада кең таралған.

Олар негізгі екі типте болуы мүмкін:

- Қысқа мерзімді тұтыну несиеcін беру мақсатында кәсіби немесе аумақтық бөлігілеріне қарай жеке тұлғалар тобымен ұйымдастырылған;
- Еркімен қосылған дербес несиелік серіктестік түрінде, мысалы, есуда жинақ серіктестіктері, өзара несие қоралдары, кооперативтер және т.б.
- Несиелік одақтардың капиталдары олардың мүшелерінің қосатын үлесінен және пайыздарды төлеу, сондай-ақ зайымдарды шығару жолымен қалыптасады.

Ақша нарығының өзара біріккен қорлары

Ақша нарығының өзара біріккен қорлары – пайыздық депозиттік сертификаттарды, қазыналық вексельдерді сату жолымен инвестициялық капитал жинақтап, оны нарықта айналысқа түсетін қысқа мерзімді бағалы қағаздардан тұратын активтер портфелін құруға бағыттайды. Осыдан түсімен табыс акционерлерге төленеді. Ақша нарығының өзара біріккен қорлары алғашқыда 70-жылдары пайда болған.

Қаржы компаниялары

Қаржы компаниялары – тұтыну тауарларын қарызға сағуды, несиелеуге және коммерциялық несие беруге маманданған мекемелер. Олар компаниялардың өздері шығарған қысқа мерзімді міндеттемелер мен коммерциялық банктердің берген несиеcінен құралады.

Бюджеттен тыс қорлар

Бюджеттен тыс қорлар – мемлекет оларды белгілі бір қоғамдық қажеттіліктерді қаржыландыру үшін тарта отырып, оперативтік жұмыс негізінде жұмсайтын қаржылай қаражаттарды қайта бөлу және пайдалану нысандардың біріні білдіреді. Бұл қорлар қаржы нарығының инвесторлары және қатысушылары ретінде бола алады, себебі, біріншіден, ақшалай қаражаттарды пайдалану, оларды жинақтау уақытымен дәл келмейді, ал екіншіден, инвестициядан түсетін табыстар сол немесе басқа қордың шығынын қаржыландыратын қосымша табыс болып табылады.

Қазақстандағы мемлекеттік бюджеттен тыс қорларға жататындар:

- Зейнетақы қоры;
- Халықты жұмыспен қамту мемлекеттік қоры;
- Әлеуметтік сақтандыру қоры;
- Міндетті медициналық сақтандыру қоры;

Жинақтаушы зейнетақы қорлары

Жинақтаушы зейнетақы қорлары - жұмыс жасайтын адамдардың жалақысынан белгілі мөлшердегі аударымды жинақ ретінде қабилдап, оларды зейнет жасына жеткенде беріп отырады. Олардың активтерін басқаратындарды «Зейнетақы қорларының активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар» деп атайды. Бұл ұйымдар олардың активтерін белгіленген нормативтерге сәйкес әр түрлі бағыттарда орналастырып, оларда табыстар алады. Сөйтіп, ондай табыстарды зейнетақы қорында жинағы бар салымшылардың шотына есептейді.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары екі түрге бөлінеді:

- Мемлекеттік
- Жеке

Әлеуметтік сақтандыру қоры

Әлеуметтік сақтандыру қоры – аумақтық және салалық деңгейде бөлінетін, мемлекеттік маңыздылығы бар ресурстардың орталық қоры болып табылады. Әр түрлі меншік формасындағы кәсіпорындардың, ұйымдардың және кәсіпкерлік қызметпен айналысатын тұлғалардың қаражаттарының міндетті түрде қатысушымен сақтандыру әдісі арқылы құрылады. Әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты еңбекақы төлеу қорынан – мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға аударымдар жасау есебінен қалыптасады. Әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаттары әр түрлі жәрдемақылар төлеуге емдеу-демалыс орындарын қаржыландыруға жұмсалады. Бұл қордың

шырындарының басым бөлігін жәрдемақы төлеуге жұмсалатын қаражаттар алады.

Еңбекпен қамту мемлекеттік қоры

Еңбекпен қамту мемлекеттік қоры мемлекеттік жұмыспен қамту қызметінің төңірегінде дербес жүйе ретінде құрылған және мемлекеттің жұмыспен қамтуға байланысты сақатын іске асыру бойынша шараларды қаржыландыруға бағытталған. Оның қаражаттары мемлекеттік бюджетке жатпайды, ол бюджеттен тыс қор.

Міндетті медициналық сақтандыру қоры

Міндетті медициналық сақтандыру қоры сақтандырылған азаматтарға медициналық көмек ретінде жағдай жасауға бағытталады.

Кастодиан

Кастодиан – бұл бағалы қағаздар мен ақшалай қаражаттар мәмілесін жүргізетін және өзіне сеніп тапсырылған бағалы қағаздарды сақтандыру және есепке алуға байланысты кәсіби қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға.

Кастодиан – банк зейнетақы және кооперативтік активтердің жалпы сомасын, қаржы инвестициясы құнының өзгеруін, бағалы қағаздарды сатудан түскен түсімдер сомасын, комиссияндық сыйақы сомасын тексереді.

1.3 Қаржы-несие мекемелерінің функциялары

Ломбард

Ломбард операцияларына мыналар жатады:

- *ломбардтық операциялар*: тез іске асырылатын бағалы қағаздар мен жылжымайтын мүліктерді кепілге алып, қысқа мерзімді несие беруді сипаттайды;
- бағалы металдардан (алтыннан, күмістен, платинадан, платина тобындағы металдардан) жасалған монеталарды, сондай-ақ бағалы қағаздар және асыл тастардан тұратын *зергерлік бұйымдарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату*;
- *сейфтік қызметтер*: клиенттердің бағалы қағаздарың, құжаттарың, құндылықтарын сақтауға байланысты, сол сияқты сейфтік жәшіктерді, шкафтарды, бөлмелерді жалға беру қызметтерін көрсетеді;
- келісімшарт мерзімі ішінде жалға берген мүлікке жалға берушінің меншік құқықын сақтай отырып, ол мүлікті *жалға беру*;
- заң талаптарына сәйкес кепілге алынған мүлікті *сату*;

Ломбардтың құрылтайшылары қатысушыларына заңды және жеке тұлғалар жатады. Мемлекет өзінің өкілетті органдары арқылы оған құрылтайшы болуы мүмкін.

Ломбард кез келген ұйымдық-құқықтық формада (алық акционерлік қоғамнан басқа) құрылып, өз қызметін жүзеге асырады.

Несиелік операцияларды ұйымдастырудың басты ерекшелігі – мұнда несиелік шарт және кепіл міндеттемелері болмайды. Ссуданы беру барысында клиент кепілге зат қойғандығын және ссуда алғандығы растайтын құжат немесе кепіл билетін алады. Онда қарыз алушының реквизиітері және мәміленің басты шарты көрсетіледі.

Ипотечалық компания

Сонымен, *ипотечалық компания* – жерді және жылжымайтын мүлікті кепілге ала отырып, ұзақ мерзімге несиелік операцияларды жүзеге асырады. Бұл компаниялар пассивтерінің басым бөлігі ипотечалық облигациялар, акциялар және басқа да бағалы қағаздарды құрайды.

Салалық және аумақтық компаниялардың мамандану дәрежесі олардың активтері мен пассивтерін құрау ерекшеліктері белгілі бір мөлшерде олардың

қызмет аумағына, сондай-ақ клиенттерінің шаруашылық қызметтерін ұйымдастыру ерекшеліктерімен байланысты болып келеді.

Ипотечалық несиенің қағидалары:

- Мемлекеттік құқығын шектеу шартында борышқордың қолында мүліктің қалуы;
- Кепіл үлесінің түрінде ссудалар мөлшерінің анықталуы;
- Сол сияқты мүлікті үстеме ипотечалық ссудаға кепілге алу;
- Сақтандыру есебі бойынша несие беру;

Әр жеке тұлға алдын ала төлем қабілетін тексеруден өткен жағдайда оған мынадай жеңілдіктер жасалынады:

- Егер де несиегер алғашқы жарнаны салмау мақсатында қосымша жәпжымайтын мүлікті өткізген жағдайда, ипотечалық тұрғын үйге несие арудың алғашқы жарнасы болмаған жағдайда несие алу мүмкіндігі;
- Азаматтық құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған жағдайда, 85%-ға дейінгі мөлшерде несие алу мүмкіндігі берілуі;
- Егер де «Қазақстанның ипотечалық кредиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-мен сақтандыру шартын жасаған жағдайда, алатын үйдің құнының 90%-ға дейінгі мөлшерде несие алу мүмкіндігі берілуі;
- Егер де несиегердің табысы жетпеген жағдайда, қосымша несиегерді немесе кепілшіні, жеке тұлға әрі заңды тұлға ретінде де тарту мүмкіндігі беріледі.

Серіктестік банкте алдын ала төлем қабілетін тексеруден өткеннен кейін ипотечалық тұрғын үй несиелерін арудың сомасын белгілейді және несиегерге өзінің талаптарына сай келетін әрі болашақ борышын өтеуді ескеріп ай сайынғы шығыстарын жоспарлауға, нарыққа арналған жәпжымайтын мүлікті таңдауына мүмкіндік береді. Несиегер алдын ала төлем қабілетін тексеру рәсімдері өткеннен кейін, серіктес банктің қызметкері қарау үшін және банктің кредит комитетінің ипотечалық тұрғын үй несиесін беру шешімін қабылдау үшін қажетті құжаттардың тізбелерін ұсынады. Бірақ несиегер банктің алдын ала төлем қабілетін тексеруді ипотечалық тұрғын үй несиесін беруге кепілдік бермейді.

Инвестициялық компания

*Инвестициялық компанияның мынадай құқықтары бар: **

